

# Қазақстан тәуелсіздігі , ел басы , 2030 стратегиясы



**Орындағандар:**  
Өсер Әлішер

- Тәуелсіздік — ғасырлар бойы аңсаған арманын жүзеге асырып, Ұлы Евразияның төсінде егемен, тәуелсіздік мемлекетін Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін осы елдің перзенті сезінбейінше, болашағына сенбейінше, біздің жұмысымыз ілгері бас-пайды.
- Қазақстан Республикасы — Евразия құрлығының орталық бөлігінде орналасқан мемлекет. Жер көлемі — 2724,4 мың шаршы км. Халқы — 16,1968 млн. Адам (2009 жылғы санақ бойынша). Ұлттық құрамы жағынан: қазақтар — 53,4%, орыстар — 30,0%, укра-индар — 3,7%, немістер — 2,4%, ұйғырлар — 1,4%, корейлер (кәрістер) — 0,7%, өзге ұлттар — 5,9%.

- **1990 жыл 25 қазан-Қазақстан Жоғары Кеңесі егемендік туралы декларация қабылдады.**
- **1991 жыл 1 желтоқсан- бүкілхалықтық тұңғыш президент сайлауы болды.**
- **1991 жыл 10 желтоқсан-тәуелсіз мемлекет Қазақстан Республикасы деп аталды.**
- **1991 жыл 16 желтоқсан- Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялады.**
- **1992 жыл 4 маусым- Қазақстан Республикасы рәміздерін қабылдады.**
- **1993 жыл 28 қаңтар- Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы қабылданды.**
- **1993 жыл 15 қараша-Қазақстанның ұлттық валютасы — теңге айналысқа енгізілді.**
- **1995 жыл 30 тамыз- Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды.**
- **1997 жыл 11 қазан — Президент Н. Ә. Назарбаев республика халқына «Қазақстан — 2030» Жолдауын қабылдады.**



- 1991-1995 жылдары қайта құру және республиканың саяси жүйесі конституциямен ресімделді. Зайырлы Қазақстанның тұңғыш Ата Заңы 1993 жылдың қаңтарында қабылданды. Ескі және жаңа саяси құрылыс арасындағы мәміле, батыс демократияның үлгісін ғасырлар бойы посткеңестік жолмен енгізу әрекетінің бейнесі бола отырып, бұл Конституция алғашында қарама-қайшылыққа толы болды. Бұрынғы конституциялық құрылыстың кемшіліктері жойылған 1995 жылдың тамызында өткен референдум нәтижесінде президенттік республиканың үлгісі қалыптасты, билік тармақтарының арасында өкілеттіктің бөліну проблемасы ұтымды шешілді.

- Мемлекеттік тіл — қазақ тілі. Қазақстан Республикасы — демократиялық және біртұтас мемлекет болып табылады. Ел тұрғындары негізінен ислам және христиан дінін ұстанады. Басты қаламыз — Астана. Мемлекет басшысы — Президент. Заң шығарушы жоғарғы өкілді органы — Сенат (39 депутат) пен Мәжілістен (77 депутат) тұратын Парламент. Атқарушы билік органы — Үкімет. Ақша бірлігі — теңге.
- Парламент — заң шығару міндеттерін жүзеге асыратын ең жоғарғы өкілеттік орган болып табылады.

- Үкімет дегеніміз — мемлекеттік атқару билігінің ең жоғарғы органы. Үкіметке министрліктер, агенттіктер, комитеттер, об-лыстық, аудандық және қалалық әкімшіліктер бағынады. Үкіметті ең басты министр — Премьер -Министр басқарады. Оны бұл лауазымға Парламенттің мақұлдауымен ел Президенті тағайындайды.
- Ұлттық ақша — теңге. Қазақстан Республикасының ұлттық ақшасы пайдалануға 1993 жылдың қарашасында енгізілді. Ақша белгілерін — теңге мен тиындардың түрлерін Қазақстанның ең таңдаулы суретшілерін қатыстыра отырып, Ұлттық банк жа-саған болатын.
- Мемлекеттік наградалар болып танылатын мынадай ордендер мен медальдар бар.
- Жоғарғы деңгейдегі айырым белгілері «Алтын қыран» ордені, «Халық қаһарманы» атағы.
- «Отан», «Даңқ», «Айбын», «Парасат», «Достық», «Құрмет» ордендері.
- Ерлігі үшін, Жауынгерлік ерлігі үшін, Ерен еңбегі үшін, Шапағат медальдары бар.

Қазақстанда 14 облыс, 87 қала (оның екеуі республикалық дәрежеде), 159 аудан, 195 аудандық деңгейдегі елді мекен, 2150 ауылдық әкімшілік округ бар. Республика аумағы батыста Еділдің төменгі ағысынан шағыста Алтайға, 3000 км-ге дейін, солтүстікте Батыс-Сібір жазығынан оңтүстікте Тянь-Шань таулы жоталарына 1600 км-ге созылып жатыр. Қазақстан сияқты жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орында тұрған, табиғи байлығы мол. Оның ішінде хромның әлемдік қорының жартысынан астамы Қазақстан аумағында болса, одан өзге де қорғасын, мырыш, мыс, алтын мен күмістің бай қоры бар. Вольфрам қоры бойынша екінші, марганец қоры бойынша үшінші, қорғасын мен молибден қоры бойынша төртінші, темір кентасының қоры бойынша сегізінші орын алады. Қазақстанның батысы мен солтүстік Ресей Федерациясымен, оңтүстігі Түрікменстан, Өзбекстан және Қырғызстанмен, шығысы Қытаймен шектеседі. Қазақстан жер көлемі жағынан әлемде Ресей, Қытай, АҚШ, Аргентина, Бразилия, Канада, Үндістан және Австралия кейінгі 9-орын алады. Климаты — барынша континентальді. Қазіргі уақытта 2700 кәсіпорын өнеркәсіп өнімдерін өндірумен айналысады. Бұл кәсіпорындарда өндіріс 812 мың адам жұмыс істейді.

# ҚР президенті туралы не білесің?

Кестені толтыр

Кім?

Қашан?

Қайда?

Қалай?

Қандай?





# Жауаптары:

## Кестені толтыр

**Кім? Н. Ә Назарбаев**

**Қашан? 1940жылы**

**Қайда? Алматы облысы Қаскелең ауданы Шамалған ауылында дүниеге келген**

**Қалай? Еңбекқорлығымен, Отансүйгіштігімен, халқына деген өрен сүйіспеншілігімен еңбек етіп келе жатыр**

**Қандай? Еңбек жолын 1960 жылы Теміртау қаласында металлург болып бастаған. 1969-1989 ж.ж. аралығында лауазымды жұмыстарды атқарған. 1990 жылы 24 сәуірде Қазақ КСР-нің тұңғыш президенті. 1991 жылы 1 желтоқсан ҚР-ның президенті. Біздің тұңғыш президентіміз, көшбасшымыз.**



# Шығармашыл тұлға - Елбасы

«Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы», дәуір, 1992ж.

“Тарих толқынында” Алматы: Атамұра, 1999ж.

«Қазақстан халқының азаматтық таңдауы - тарихи зерде, ұлттық татулық және демократиялық реформалар». Қазақстан, 1999ж.


«Жүз жылға татитын он жыл». Атамұра, 2001ж.

«Сындарлы он жыл». Атамұра, 2003ж

«Ғасырлар тоғысында». Атамұра, 2003ж.

«Қазақстан жолы». Астана, 2007ж.

«Тәуелсіздік белестері». Жібек Жолы, 2012ж.



# Қазақстанның ХХІ ғасырдағы жеткен жетістіктері



**2010 жылы**

**1-2 желтоқсан – Астанда Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының саммиті Қазақстан Еуропаның төріндегі 56 мемлекеттің атынан төбе би болып төрелік айтты**



**VII қысқы Азия(Азиада) ойындары Астана мен Алматы қалаларында 2011жылы қаңтар-ақпан айларында өтті. Азия ойындарына 26 елдің спортшылары қатысты.**

1 орын	Алтын	Күміс	Қола	барлығы
Қазақстан	32	21	17	70



# «Қазақстан–2050» стратегиясы – Жасампаздықтың жаңа межесі

2013 жылдың 24 сәуір күні Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Қазақстан-2050» Стратегиясы: «бір халық – бір ел – бір тағдыр» тақырыбында Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойлық XX сессиясы өтті. маңызды мақсат-міндеттерді айқындады:

- Мемлекеттілікті одан әрі дамыту және нығайту.
- Экономикалық саясаттың жаңа қағидағтарына көшу.
- Ұлттық экономиканың жетекші күші – кәсіпкерлікке жан-жақты қолдау көрсету.
- Жаңа әлеуметтік үлгіні қалыптастыру.
- Білім беру мен денсаулық сақтаудың қазіргі заманғы және тиімді жүйесін құру.
- Мемлекеттік аппараттың жауапкершілігін, тиімділігі мен функционалдығын арттыру.
- Халықаралық және қорғаныс саясатының жаңа сын-қатерлеріне парапар саясат құру.



# ЭКСПО 2017



ЭКСПО 2017 — 2017 жылдың 10 шілдесінен бастап 10 қыркүйегіне дейін Қазақстанның елордасы Астана қаласында Халықаралық көрмелер бюросымен (ХКБ) ұйымдастырылатын Халықаралық көрме.



# Тәуелсіз елдің болашағы дарынды ұрпақта

Сіздер өздеріңізді:

- Дарынды
- Шығармашыл
- Білімді
- Жан-жақты
- Дара тұлға екендеріңізді көрсеттіңіздер.

**"Қазақстан - 2030 Стратегиясын іске асыру -  
Қазақстан алға ілгерулерінің негізі"**



**Қазақстан Республикасы Президентінің  
Қазақстан халқына Жолдауынан**





**Қазақстан-2030 Стратегиясы**– ел дамуының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық бағдарламасы. 1997 жылы 1 қазанда қабылданған. Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған арнауында баяндалған. Стратегияда көзделген мақсат – ұлттық бірлікке, әлеуметтік әділеттілікке, бүкіл жұртшылықтың экономикалық әл-ауқатын жақсартуға қол жеткізу үшін тәуелсіз, гүлденген және саяси тұрақты Қазақстан мемлекетін орнату. Осы мақсатқа орай мынандай ұзақ мерзімді негізгі бағыттар бөліп көрсетілді:

**«2030 жылы Қазақстан таза  
ауалы, мөлдір сулы, жасыл  
желекті өлкеге айналуы тиіс»**

**Н.Ә.Назарбаев**



## 15 ЖЫЛДА ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА КӨЛЕМІ ӨСТІ

1997-ЖЫЛЫ – 1,7 ТРЛН

₸

2011-ЖЫЛЫ – 28 ТРЛН

₸

ІЖӨ ӨСТІ

1998-ЖЫЛЫ – 1500

\$

2012-ЖЫЛЫ – 12000

\$



«ҚАЗАҚСТАН-2030» СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ЖЕМІСІ

СЛОВЕНИЯ: МЫҢДАҒАН АДАМ ЖЕРГІЛІКТІ БИЛІККЕ ҚАРСЫ  
НАРАЗЫЛЫҚ ШЕРУІНЕ ШЫҚТЫ (KAZTRK.KZ)

# «КАЗАҚСТАН-2030»

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ 7 БАСЫМ БАҒЫТЫ



ҰЛТТЫҚ  
ҚАУІПСІЗДІК



ІШКІ САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ  
ТОПТАСУЫ



ШЕТЕЛ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫ МЕН ІШКІ  
ЖИНАҚТАЛЫМДАРДЫҢ ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ

АШЫҚ НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАҒА  
НЕГІЗДЕЛГЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ



ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫНЫҢ  
ДЕНСАУЛЫҒЫ,

БІЛІМІ МЕН ӘЛ-АУҚАТЫ



ЭНЕРГЕТИКА  
РЕСУРСТАРЫ



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ,  
ӘСІРЕСЕ КӨЛІК ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС



КӘСІБИ  
МЕМЛЕКЕТ

**Ұлттық қауіпсіздік:** аумақтық тұтастықты толық сақтай отырып, еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде дамуы. Мемлекеттің тұрақты түрде дамуын қамтамасыз ететін барлық қажеттіліктер шеңберіндегі бастапқы шарт – ұлттық қауіпсіздік және мемлекеттіліктің сақталуы. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі көрсеткіші ретінде демократиялы, индустриясы дамыған басты мемлекеттермен байланыстарды күшейту, халықаралық институттар мен форумдардың көмегі мен жәрдемін пайдалану қажеттігі атап көрсетілді. Мұның өзі халықаралық қоғамдастық тарапынан [Қазақстанға](#) қолдау жасаудың жақсы жолға қойылуын, бай табиғи қорлардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді, Қазақстан азаматтарының өз еліне деген сүйіспеншілік сезімін арттырады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмысындағы сөзсіз басым бағыт сыртқы саяси қызметке, Қазақстанның өз көршілерімен және дүние жүзінің жетекші елдерімен өзара тиімді қатынастар қалыптастыруға саяды.



**Ішкі саясаттың орнықтылығы және қоғамның шоғырлануы:** [бірлік](#) – [қоғам](#) мен мемлекеттің одан әрі дамуының кепілі. Бұл салада барша азаматтар үшін тең мүмкіндіктің және барлық этникалық топтар үшін тең құқықтың болуына кепілдік беру, ауқаттылар мен кедейлер арасындағы айырманы азайту, әлеум.

мәселелерді шешу, саяси орнықтылық пен қоғамның шоғырлануын ұзақ мерзімге қамтамасыз ететін дәулетті Қазақстан мемлекетін орнату міндеті қойылды.

**Шетелдік инвестициялар мен ішкі жинақ қаражаттың деңгейі жоғары болатын ашық [нарықтық экономика](#) негізінде экономикалық өрлеу.** Негізгі қағидалары: мемлекеттің белсенді рөлін сақтай отырып, оның экономикаға араласуын шектеу, макроэкономиканы орнықтыру, экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету, экономиканың нақты секторын сауықтыру, күшті әлеум. саясат жүргізу, қатаң қазыналық және монетарлық шектеулер жағдайында бағаны ырықтандыру, ашық экономика мен еркін сауда қатынасын орнату, энергетикалық және табиғи қорды өндіруді одан әрі жалғастыру, шетелдік инвестицияларды

қорғау.

**Қазақстандықтардың денсаулығы, [білім](#) алуы және игілігі:** азаматтардың тұрмыс жағдайы мен деңгейін көтеру, экологиялық ортаны жақсарту.

Сырқаттардың алдын алу және салауатты тұрмыс салтына ынталандыру, азаматтарды салауатты тұрмыс салтын ұстауға, дұрыс тамақтану, гигиена мен тазалық ережелерін сақтауға баулу, нашақорлық пен наша бизнесіне қарсы күресу, маскүнемдік пен темекі шегуді қысқарту, ана мен баланың денсаулығын сақтау, қоршаған орта мен экологияны таза ұстау мәселелерін қамтиды.

**Энергетикалық қорлар:** тұрақты экономикалық өрлеу үшін мұнай мен газ өндірудің және оларды шетке шығарудың көлемін жедел ұлғайту жолымен энергетикалық қорды тиімді пайдалану. Бұл [стратегия](#): таңдаулы халықаралық технологияларды, коммерциялық құпия және қомақты капиталды тарту, қордың тез де ұтымды пайдаланылуы үшін басты халықаралық мұнай компанияларымен ұзақ мерзімді серіктестік орнату, мұнай мен газ экспорты үшін құбырлар желісінің жүйесін жасау, отын қорын пайдалану қызметінде дүниежүзілік қоғамдастықтағы ірі елдердің Қазақстанға және оның әлемдік отын берушілік рөліне ынтасын ояту бағытын ұстау, ішкі энергетикалық инфрақұрылымды жасау, өзін-өзі қамтамасыз ету және бәсекеде тәуелсіз болу мәселелерін шешу мәселелерін қамтиды.



**Инфрақұрылым (көлік және байланыс):** [ұлттық қауіпсіздікті](#), саяси тұрақтылықты нығайту, экономикалық өрлеуді күшейту. Отандық көлік-коммуникациялық кешеннің әлемдік рыноктағы бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ету және Қазақстан арқылы өтетін сауда ағынын ұлғайту міндеті қойылған.

**Кәсіпқой мемлекет:** іске шын берілген және елдің негізгі мақсаттарына қол жеткізуде халық өкілдері болуға лайық мемлекеттік қызметкерлердің осы заманғы қабілетті құрамын жасақтау. Бұл саладағы міндет осы заманға сай тиімді мемлекеттік қызмет пен нарықтық экономикаға оңтайлы басқару құрылымын құру, басты мақсаттарды іске асыруға қабілетті Үкіметті жасақтау, ұлттық мүдделердің сақшысы болатын мемлекет орнату.







## Қазақстандық барыстың қос серпіні

**2030 жылға  
дейін**



XXI ғасырда «мүмкіндіктер терезесін» қолдана отырып, жаңғыртылған серпіліс жасау

Экономиканың дәстүрлі салаларының қарқынды өсуін қамтамасыз ету

Қуатты индустриалдық өңдеу секторын құру

**2030 жылдан  
2050 жылға дейін**



Ғылымды көп қажет ететін экономика принциптері негізінде елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету

Қуатты өңдеу өнеркәсібін құру

Жоғарғы өңделген өнімдер өндіруге өтуді жүзеге асыру

Ғылымды көп қажет ететін экономика базасы ретінде инженерлік қызметтерді дамыту



**Қорытынды:** Президенттің жолдауында бүкіл күш-жігерді осы бағыттарға жұмылдырудың, мүмкіндіктерді шоғырландырудың және үйлестірудің келелі идеялары айқын тұжырымдалған, басқару жүйесіндегі реформаларды жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдерін түбірімен қайта қарау қажеттілігі атап көрсетілген. Бұл қысқа және ұзақ мерзімді негізгі бағыттарды іске асыру барысында, ең алдымен, еліміздің барлық азаматтарының бостандығына кепілдік беруге, халықтың әлауқатын жақсартуға және ертеңгі күнге деген сенімін нығайтуға бағытталған бірден-бір бағдарламалық-стратегиялық ресми құжат болып табылады.

Қазақстан осы стратегиялық міндеттерді орындай отырып, [2030](#) жылға қарай дамыған елдердің деңгейіне жетуге, дүние жүзінің ең дамыған жиырма елінің қатарына қосылуды көздейді. [Реформалар](#) стратегиясында экон. және саяси құрамдағы ырықтандырудың өзара ажырамайтын байланыста болатындығы ескерілген. Бәсекелестік қабілеті ашық та риясыз жағдайда қалыптасқан қоғам орнату одан әрі демократияландыру арқылы өтеді, ол, түптеп келгенде, сайлауды әділ өткізуге, саяси партиялардың, парламенттің рөлін, үкіметтің мүмкіндігін күшейтуге, сот жүйесін реформалауға, БАҚ-қа еркіндік беруге, әйелдердің қоғамдағы рөлін күшейтуге саяды.